



NATO туралы біліңіз

ҚОСЫМША АҚПАРАТ КЕРЕК ПЕ? Веб-торабыңызға өтініз: www.nato.int



Адамдарды қорғау

Біз көбіне бейқам, еркін жүріп, экономикалық тұрғыда тұрақты ортада өмір сүретімізді дау туғызбастай етіп санаймыз. Күнделікті тіршілігіміздің қай саласын алмаңыз, қауіпсіздік әл ауқатымыздың басты тірегі болып табылады.

Жаңа қауіптерге тойтарыс беру

Қауіптің табиғаты, болмысы өзгергендігі секілді, бейбітшілікті сақтап қалудың тәсілдері де кемелдену керек. НАТО өзінің қорғану күштерін бүгінгі күннің қауіпіне төтеп беретіндей етіп сәйкестендіруде. Әскери күштер кемелдендірілуде, лаңкестікпен, бірауыздылыққа келмеушілікпен және жаппай қырып жою қаруларының тудырып отырған қауіпін сыңды басқа да қауіптердің алдын алуда халықаралық ұстанымдар жетілдірілуде.

Берік серіктестік

Бейбіт қарым қатынастар мен терең халықаралық түсінушілікті орнатуда диалог және өзара тығыз байланыс аса маңызды.

NATO өзара сенім және, ұзақ мерзімді перспективада, кикілжіңдердің тамырына балта шабу үшін қауіпсіздік мәселелері бойынша мүше және серіктес елдерге кеңесуге оңтайлы жағдай туғызады.

Практикалық негіздегі қарым қатынас және көпжақты бастамалар арқылы мемлекеттер біріге жаңашыл қауіпсіздік қырларымен бетпе бет ұшырасуда.

Бейбітшілік және тұрақтылық орнату

Тұрақтылықтың жемісін бір мезгілде бірнеше тараптар көруі мүмкін. Жағдайы ушықтанған аймақтарда төніп тұрған қауіпті болдырмай, тұрақтылықты орнату аса маңызды. Сондықтан да НАТО кикілжіңді болдырмау қызметінде өзге халықаралық ұйымдармен тізе қосып белсенді роль атқарады.

Мүше және серіктес мемлекеттер

Солтүстік Атлантикалық Шарт Олағын құру құжатына 1949 жылдың 4 сәуірінде қол қойылды

МҮШЕ ЕЛДЕР (СОДАҚА ҚИРУ ЖЫҒЫ)

- Албания /2009
- Бельгия /1949
- Болгария /2004
- Канада /1949
- Хорватия /2009
- Чех Республикасы /1999
- Дания /1949
- Эстония /2004
- Франция /1949
- Алмания /1955
- Грекия /1952
- Мажарстан /1999
- Исландия /1949
- Италия /1949
- Латвия /2004
- Литва /2004
- Люксембург /1949
- Голландия /1949
- Норвегия /1949
- Польша /1999
- Португалия /1949
- Румыния /2004
- Словакия /2004
- Словения /2004
- Испания /1982
- Түркия /1952
- Біріккен Корольдік /1949
- Америка Құрама Штаттары /1949

«БЕЙБІТШІЛІК ҮШІН СЕРІКТЕС ЕЛСІЗ БАҒДАРЛАМАСЫНА КІРГІН ЕЛДЕР»

- Армения
- Австрия
- Әзірбайжан
- Белоруссия
- Босния және Герцеговина
- Финляндия
- Грузия
- Ирландия
- Қазақстан
- Қырғызстан
- Мальта
- Молдова
- Черногория
- Ресей
- Сербия
- Швеция
- Швейцария
- Тәжікстан
- бұрынғы Югославиядағы Македония Республикасы*
- Түркменістан
- Украина
- Өзбекстан

ЖЕРОРТАЛЫҚ КЕЛІССӨЗГЕ ҚАТЫСУШЫ СЕРІКТЕСТЕР

- Алжир
- Мысыр
- Израиль
- Йордания
- Мавритания
- Морокко
- Тунис

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӨНІНДЕ СТАМБУЛ БАСТАМАСЫН ҚОЛДАЙТЫН ЕЛДЕР

- Бахрейн
- Кувейт
- Катар
- Біріккен Араб Әмірліктері

*Түркия Македония Республикасын оның конституциялық атауымен мойындайды.

НАТО ұйымын қалай түсінесіз?

Солтүстік Атлантикалық Шарт Одағы әлемдегі ең ірі халықаралық ұйымдардың бірі. НАТО Еуропа және Солтүстік Американың 28 мемлекетін біріктіретін саяси және әскери одақ болып табылады.

Бұл мемлекеттер қауіпсіздік және қорғаныс мәселелері бойынша қарым-қатынас орнату үшін кездесіп тұрады. Осы тұрғыда, НАТО аталмыш екі құрлық арасында саяси және қауіпсіздік мәселесі бойынша теңдессіз көпір қызметін атқарады.

НАТО немен айналысады?

НАТО өз мүшелерін саяси және әскери жолдармен қорғауға мүдделі. Сонымен қатар, бұл ұйым НАТО ға мүшелікке өтпеген мемлекеттермен қорғаныс реформасы, бейбітшілікті сақтап қалу сынды кең ауқымды қауіпсіздікке қатысты өзекті мәселелер бойынша кеңесу және байланыс орнатудың тараптары.

НАТО талқылаулар және байланыстар арқылы өзінің мүше елдерінің шекараларындағы және одан тыс жерлердегі кикілжіңдердің алдын алуға септігін тигізеді.

Бұл ұйым демократиялық құндылықтарды алдыңғы орынға қойып, келіспеушіліктердің бейбіт түрде шешім табуына үлес қосады. Келіспеушіліктер дипломатиялық жолмен шешілмесе, НАТО дағдарысты реттестіруші және бейбітшілікті сақтап қалушы әскери күштерді жұмылдырады; бұл бастаманы НАТО өзі немесе өзге мемлекеттер және халықаралық ұйымдармен ұжымдаса жүзеге асырады.

НАТО қызметінің үшінші бағыты – төтенше жағдайларда Үштік Одаққа және Серіктестерге апат салдарымен күрес, ғылым және қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде жәрдемдесу болып табылады.



НАТО ға мүше әр елдің ұйымының Брюссельде орналасқан саяси бас кеңсесінде тұрақты делегациясы болады. Делегацияны елші басқарады, ол Одақтың кеңесу және қарар қабылдау жұмыстарында өз елінің үкіметі атынан қатынасады.

Солтүстік Атлант Кеңесі ұйымдағы ең беделді саяси шешім қабылдаушы орган. Кеңес әр түрлі деңгейде жиналыстар өткізеді, Кеңестің төрағасы – НАТО ның бас хатшысы; ол мүше елдердің өзекті мәселелері бойынша бірауыздылыққа келуіне үлес қосады.

НАТО комитеттерінің әрбір шешімі мәмілеге келу арқылы жасалады. Осылайша, «НАТО шешімі» барлық мүше елдердің ұжымдық шешімі болып табылады.

НАТО ның өзіне тиесілі әскери күштері сан жағынан шағын. Қайсыбір әскери қимылға Солтүстік Атлант Кеңесі келісім білдіргенде, мүше елдер өз ықтиярларына қарай әскери жасақ жібереді. Бұл әскери жасақ миссия толығымен орындалып біткеннен кейін еліне оралады.

НАТО ның жұмыс тәртібі қандай?

Осы іс қимылдарды үйлестіру және жүзеге асыру әскери басшылық құрылымдарының құзырындағы жауапкершілік. Бұл құрылым түрлі мүше елдерде орналасқан бас кеңселер мен базалардан тұрады.

НАТО ның күнделікті жұмыстары, азаматтық және әскери құрылымдары және қауіпсіздік бойынша инвестиция бағдарламалары ортақ бюджеттен қаржыландырылады; бұл қамбаға мүше үкіметтер келісілген бағамдық формула бойынша ақша салады.

